

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА
ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «СЕРӘЛІ ЛАПИН
АТЫНДАҒЫ №261 ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «СРЕДНЯЯ ШКОЛА №261»
ИМЕНИ СЕРАЛИ ЛАПИНА» ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ
КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ
ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

«10» маусым 2022 ж.г.

№ 124

Қызылорда қаласы

город Кызылорда

**2022-2023 оқу жылын аяқтау және
жалпы білім беретін оқу орындарының
білім алушыларының қорытынды
аттестаттауын өткізу туралы**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 14) тармақшасына сәйкес және Қызылорда облыстық білім басқармасының 2022 жылғы 5 мамырдағы №96 нқ/1 санды бұйрығы мен қалалық білім бөлімінің 2021 жылғы 6 мамырдағы №44 нқ бұйрығына сәйкес 2022-2023 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау, мектеп білім алушыларының аралық және қорытынды аттестаттауын өткізу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқу жылын аяқтау және білім алушыларының аралық және қорытынды аттестаттауын өткізудің мынадай мерзімдері белгіленсін:

1) Мектепалды, 1-11 сыныптарда оқу сабақтары 2022 жылғы 25 мамырда аяқталады;

2) 9(10) сыныптардағы білім алушыларды аралық аттестаттау 2022 жылғы 28 мамыр - 5 маусым аралығына дейін өткізіледі;

3) 11(12) сынып білім алушылардың мемлекеттік бітіру емтихандары 2022 жылғы 1-10 маусым аралығында.

1. Қорытынды аттестаттау өткізудің мерзімдері бекітілсін;

4) Негізгі орта білім берудің жалпы білім беру оқу бағдарламасын меңгерген 9 сыныптың білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:

үш міндетті емтихан және таңдау бойынша 1-2 пәннен ауызша емтихан тапсырады.

Міндетті емтихандар тізбесі, нысаны және өткізу мерзімдері:

1. Ана тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан - 2022 жылғы 28 мамырда (эссе, жазады);

2. Алгебрадан жазбаша емтихан - 2022 жылғы 2 маусымда;

3. Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі орыс тілінен жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) - 2022 жылғы 5 маусымда;

5) Жалпы орта білім берудің жалпы білім беру оқу бағдарламасын меңгерген 11 білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып: мемлекеттік бітіру емтихандары нысанында өткізіледі.

Жалпы орта білім беру ұйымының 11 (12) сыныбының оқушылары төрт міндетті тәннен мемлекеттік бітіру емтихандарын тапсырады.

Міндетті емтихандардың тізбесі, нысаны және өткізу мерзімдері:

1. Ана тілі мен әдебиетінен (мектептегі оқыту тілі) эссе нысанында жазбаша емтихан -2022 жылғы 1 маусымда;

2. Алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша емтихан -2022 жылғы 4 маусымда;

3. Қазақстан тарихынан ауызша(тестілеу) емтихан-2022 жылғы 7 маусымда;

4. Орыс тілі мен әдебиетінен (тестілеу) емтихан-2022 жылғы 10 маусымда;

9 (10),11,(12) сыныптардың білім алушыларын қайта қорытынды аттестаттау санитарлық талаптарды сақтай отырып,2022 жылғы 11-19 маусым аралығында өткізіледі.

Білім сапасын арттыру және пандемия, шектеу шаралары кезеңінде жіберілген білім олқылықтарының орнын толтыру мақсатында ата-аналардың немесе заңды өкілдерінің өтініші бойынша барлық ниет білдірген білім алушылар үшін оқытуды 2022 жылғы 19 маусымға дейін жалғастыру қажеттігі жүргізілсін.

Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Искаковқа жүктелсін.

Мектеп директоры



Қ.Абдрахманова